

Осы жарияланым банктер мен олардың депозиттік өнімдерінің жарнамасы болып табылмайды, осыған байланысты банктердің атаулары жарияланбайды. Бұл мониторинг депозиттердің түрлері және мөлшерлемелері туралы жалпы ақпарат беруге бағытталған. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) алдарыңыздағы деректердің қаншалықты дәл, толыққанды, шынайы және өзекті екендігіне кепілдік бере алмайды. Өйткені олар екінші деңгейдегі банктердің сайттарына жасалған мониторинг негізінде алынған. Сонымен банк салымы шартын жасамай тұрып, таңдау жасалған банк туралы ақпараттарды нақтылап, пысықтап алу қажет. Тағы да еске саламыз, банктегі таңдап алынған салымға ақша салмай тұрып, сол депозиттің табыстылығы ғана емес, банктің өзінің қаржылық ахуалы қандай екендігін ескерген дұрыс болады. Мәлімет үшін: ҚДКБҚ сайтында банктердің рейтингі туралы ақпарат та жарияланған (<https://kdif.kz/kz/finansovaya-gramotnost/rating/>). Бұл банктер – Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы қаржы институттары. Ал рейтингтерді халықаралық рейтингтік агенттіктер берген. Жинақ ақша туралы саналы шешім қабылдау үшін ҚДКБҚ шарттың талаптарын, оның ішінде депозитті толықтыру, одан қаражатты мерзімінен бұрын толық және ішінара алу талаптарын мұқият оқуға кеңес береді.

Жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері

*(депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің
сайттарына жүргізілген мониторинг негізінде)*

30.01.2026ж. қарай қалыптасқан деректер бойынша банктердің сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру барысына жасалған шолу

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) әрбір банк өзінің депозиттік өнімдері бойынша пайыздық сыйақыларының мөлшерін өзінің ішкі депозиттік саясатына сәйкес белгілейтіндігін хабарлайды. Сонымен қатар банктердің шешіміне Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі мен нарықтың басқа да қатысушыларының мөлшерлемелерінің өзгеруі, сондай-ақ халық депозиттерін тарту мен жүйелік тәуекел¹ үшін төленетін жарна бойынша шығыстар арасындағы теңгерімді сақтау қажеттілігі де әсер етеді.

2026 жылғы 23 қаңтарда Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 18,0% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады, бұл деңгейде ол 2025 жылғы 10 қазаннан бастап сақталады. Депозиттік өнімдер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің жаппай өсуі 2025 жылдың қазан-желтоқсан айларында болды, ал 2026 жылдың қаңтарында бұл өсім нүктелік сипатта болды және тек жекелеген банктерге әсер етті.

¹ халықтың депозиттерін тартудың агрессивті саясатын шектеу үшін Банктер ҚДКБҚ-ға жүйелік тәуекел үшін жарна төлейді, оның мөлшері банктің орташа мөлшерлемесінің нарықтық мөлшерлемеден асып кету дәрежесіне және тарту көлеміне байланысты болады

Депозит нарығындағы сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі:

Өзгерістер	Мерзімсіз салымдар	Толықтыру құқығы бар мерзімді депозиттер	Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер	Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер
	1 банк	1 банк	3 банк	3 банк
	-	1 банк	-	1 банк




Мерзімсіз депозиттер²

Мерзімсіз депозиттер – банктік депозиттердің ең танымал түрі. Өйткені ақшалай қаражатты күтпеген жағдайлар үшін жинауға өте қолайлы. Мұндай депозиттер пайыздық табыс алуға және одан кез келген уақытта азайтылмайтын қалдық шегінде ақша алуға мүмкіндік береді.

Қазіргі сәтте қатысушы 21 банктің 18-і: 3 ірі, 6 орта және 9 ұсақ банк клиенттеріне мерзімсіз салымдар ұсынады³. Сегментте мөлшерлемелердің құбылуы 13,0%⁴-дан 16,9%-ға дейін барады. Бұл ретте ең жоғары 16,9%-ды ұсақ банктердің бірі ұсынуда. Бұл кішігірім ойыншылардың өздеріне тиесілі депозиттік өнімдердің тартымдылығын арттырып, нарықтағы алар үлесін кеңейтуге күш салып жатқандығын білдіреді. Мысалы, ірі банктер едәуір ұстамды саясат ұстануда: олардың ұсыныстары 15,0%-15,5% ауқымында өзгеріп отыр.

Қаңтар айында мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер қайта қаралмады десе де болады, тек бір орташа банк қана мөлшерлемені 0,4 пайыздық тармаққа көтеріп, 15,8%-ға жеткізді.

1-графика. Мерзімі 12 айлық мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер⁵



² Мерзімдік талаптарға сәйкес келмейтін депозит - белгіленген мөлшерлеме бойынша депозит, талап еткенге дейінгі депозиттерді қоспағанда оны мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесінде (Әдістеме) көзделген ең төменгі айыппұлдан төмен болады немесе мүлдем болмайды

³ нарықтағы үлесі активтерінің мөлшері бойынша қоса санағанда 3%-ға дейін болатын ұсақ банк, нарықтағы үлесі активтерінің мөлшері бойынша қоса санағанда 3%-дан 10%-ға дейін болатын орташа банк, нарықтағы үлесі активтерінің мөлшері бойынша қоса санағанда 10%-дан жоғары болатын ірі банк;

⁴ іріктемеге инфляция деңгейінен төмен мөлшерлеме ұсынатын 2 банктің депозиттік мөлшерлемелері енгізілмеді;

⁵ Мерзімі 12 айлық мерзімсіз салымдары жоқ банктер бойынша олар 13 айға ұсынатын мөлшерлемелер пайдаланылды




Мерзімді депозиттер⁶

Мерзімді салым – бұл жинақ салымдар мен мерзімсіз салымдар арасындағы ымыралы нұсқа деуге болады: мұнда мерзімсіз салымға қарағанда едәуір жоғары мөлшерлеме ұсынылады және қаражатты басқаруда талаптары жинақ салымдармен салыстырғанда анағұрлым икемді.

Қарастырылып жатқан сегментте 7 банк жұмыс істейді: 3 ірі, 3 орташа және 1 ұсақ банк.

Атап өту керек, қазіргі уақытта мерзімді салымдар бойынша максималды мөлшерлемелер жинақ салымдар бойынша түсетін табыстылықпен теңеседі деуге болады. Айталық, ең жоғары мөлшерлемені 2 ірі банк ұсынады: мерзімі 3 ай, жылдық пайызы – 20,0%. Бұл ретте аталған банктердің бірі 2026 жылдың қаңтарында мөлшерлемені 3,5 п.т.-қа көтеріп, қазіргі 20%-дық деңгейге жеткізді. Дегенмен, үшінші ірі банк 2026 жылдың қаңтарында осындай депозиттік өнім бойынша мөлшерлемені 20,0%-дан 19,5%-ға дейін түсіру туралы шешім қабылдады. Бұл банктердің пайыздық мөлшерлемелерінің қалыптасуына әртүрлі жайттер әсер ететіндігін білдіреді, яғни бұл клиенттерді тартып, өзінің нарықтағы үлесін арттыру ғана емес, сонымен қатар банктің шығындары мен табыстарының деңгейін басқару қажеттілігі деп білеміз. Мерзімді депозиттер сегментінде ең төменгі мөлшерлеме 24 айдан жоғары мерзімге 10,0%-ды құрайды. Осы ретте бұл мерзімге қатысты әзірге басқа ұсыныстар жоқ.

2-графика. Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелер



⁶ Мерзімділік талабына сәйкес келетін депозит – жеке тұлғалардың жаңадан ашылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін анықтау және белгілеу әдістемесінде қарастырылған, шарттың талаптары бойынша Әдістемеді көзделген ең төменгі айыппұлдан кем емес мөлшерде мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл салатын, сыйақы мөлшерлемесі тиянақталған депозит



Жинақ депозиттер

Жинақ депозиттер – салған ақшаны мерзімі аяқталғанша алуға болмайтын депозит. Бұл депозитке салған ақшасын мерзімі аяқталғанша алмауды жоспарлаған адамдар үшін өте тиімді салым түрі. Алынған жағдайда шот жабылады, сыйақы толығымен дерлік жойылады. Ал ақша 30 күннен кейін ғана беріледі. Жинақ депозиттерінің толықтыруға болатын және толықтыруға болмайтын түрлері бар.




Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер

Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер сегментінде 11 банк ұсынылған: бесеуі ірі және алтауы ұсақ банктер. Салымшылар үшін депозиттің бұл түрі тартымды. Өйткені жоғары пайыздық табыс алуға мүмкіндік береді. Бұл ретте қолда бар артық ақшаны үстінен салып тұруға да болады. Сонымен бірге банк үшін бұл пайыздық шығындардың өсетіндігін білдіреді. Сол үшін де жекелеген банктер толықтыру құқығы бар жинақ депозиттерді ұсынбайды. 20,0%-дық сыйақы мөлшерлемесін 3 айлық мерзімге 3 банк қана ұсынып отыр (2 орташа және 1 ұсақ банк). Дәл осыған ұқсас максималды мөлшерleme 6 айлық мерзім бойынша да тіркелді: оны 2 ұсақ банк ұсынуда. Сегментте ең төменгі мөлшерleme 24 айлық мерзім бойынша 5,1%-ды құрайды.

2026 жылдың қаңтарында толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер бойынша мынадай өзгерістер орын алды:

- ▲ 1 ұсақ банк – 3 айлық мерзім бойынша сыйақы мөлшерлемесін 2,0 п.т.-қа көтеріп, 20,0%-ға жеткізді;
- ▲ 2 орташа банк – 6 айлық мерзім бойынша сыйақы мөлшерлемесін 0,1 п.т.-қа көтеріп, 17,8%-ға және 20,0%-ға жеткізді.

3-графика. Толықтыру құқығы бар жинақ салымы бойынша мөлшерleme





Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер

Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттерді 14 банк ұсынады: екеуі – ірі, бесеуі – орташа және жетеуі – ұсақ банктер.

Максималды сыйақы мөлшерлемелері бойынша ең көп ұсыныс осы сегментте шоғырланған: сегменттегі банктердің жартысы (2 орташа және 5 ұсақ банк) 20,0% ұсынады, мерзімдері негізінен – 3 және 6 ай.


Сегментте ең жоғары мөлшерлеме бір ұсақ банкте тіркелген. Ол 6 ай мерзімге 20,5% ұсынады. Бұл нарықтың қарастырылып жатқан барлық сегменттер арасында ең максималды мән болып табылады.

Банктер толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер бойынша тартымды мөлшерлемелер ұсынуға дайын, өйткені депозиттердің бұл түрі банктер үшін тұрақты ақшалай қор жинау көзі болып табылады. Әдетте клиенттер пайыздық табыстан айырылып қалмас үшін салымдарын мерзімі аяқталғанша алмауға тырысады. Оның үстіне ақшаға мерзімінен бұрын тез арада қол жеткізу мүмкін емес. Бұл ретте пайыздық тәуекелдерді азайту үшін банктер ең жоғары пайыздарды қысқа мерзімге ұсынады.

2026 жылдың қаңтарында 4 банк мөлшерлемелерін қайта қарады:

- ▲ 1 ірі банк – 3 айлық мерзім бойынша мөлшерлемені 2,5 п.т.-қа төмендетіп, 18,0%-ға деңгейінде бекітті;
- ▲ 1 ұсақ банк – 3 айлық мерзім бойынша мөлшерлемені 1,9 п.т.-қа көтеріп, 20,0%-ға жеткізді;
- ▲ 2 орташа банк – 6 айлық мерзім бойынша мөлшерлемені 0,1 п.т. және 0,2 п.т.-қа көтеріп, сәйкесінше 19,1%-ға және 20,0%-ға жеткізді.

4-графика. Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер






Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер

Сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер – бұл пайыздық мөлшерлемесі тиянақты бекітілмеген және салым шартының мерзімі барысында жоғары қарай да, төмен қарай да өзгеруі мүмкін салымдар. Мөлшерлеменің өзгеруі әдетте белгілі бір базалық көрсеткішке, мысалы, Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесіне немесе инфляция деңгейіне байланыстырылады. Пайыздық спредтің шамасын банк клиентпен шарт жасасу барысында бекітеді және салымның мерзімін ұзарту және (немесе) пайыздық спредтің мөлшерін ұлғайтатын жағдайларды қоспағанда өзгертілмейді.

Депозиттердің қаралып отырған сегменті депозит нарығындағы ең жаңа сегмент болып табылады және салымшыларға ұсынылған уақыт ішінде (бір жылдан сәл ғана астам) екі орташа банктің депозиттік өнімдерінің қатарына енгізілді.

2026 жылдың қаңтарында сегментте өзгерістер тіркелмеді.

5-графика. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер бойынша максималды мөлшерлемелер



Тұжырымдар

2026 жылдың қаңтарында банктердің сайттарына жасалған мониторинг жеке тұлғалардың депозиттік өнімдері бойынша мөлшерлемелердің жоғары деңгейде тұрақтағандығын көрсетті. Бұл салымшыларға тәуекел аз жағдайда, өздерінің жинақ ақшаларын сақтауға және молайтуға, инфляция деңгейінен жоғары пайыздық табыс алуға мүмкіндік береді.

Өткен жылдың соңғы екі айымен салыстырғанда 2026 жылдың қаңтарында депозиттік мөлшерлемелер аз қайта қаралған: 2025 жылдың қарашасында 11 банкпен, желтоқсанда 12 банкпен салыстырғанда бар болғаны 6 банк қана мөлшерлемелерді қайта қарады. Бұл ретте мөлшерлемелері құбылмалы депозиттерді қоспағанда, өзгерістер депозит нарығының барлық дерлік сегменттерін қамтыды.

Жүргізілген талдауды негізге ала отырып, және әсіресе Ұлттық Банктің 2026 жылдың алғашқы жартысында базалық мөлшерлеменің қазіргі ағымдағы деңгейінде сақталу ықтималдығы жоғары екендігі туралы риторикасын ескерсек (базалық мөлшерлеме бойынша кезекті шешім 2026 жылдың 06 наурызында жарияланады), мынадай тұжырым жасауға болады: қазіргі уақытта жеке тұлғалардың депозиттік өнімдері бойынша табыстылық деңгейі өзінің максималды мәніне жетті және жақын уақытта осы ағымдағы деңгейінде қалуы мүмкін. Осылайша Қор алдағы айларда жеке тұлғалардың депозиттік өнімдері бойынша мөлшерлемелердің жаппай қайта қаралатындығын күтпейді, тек банктердің нарықтағы өз үлестерін ұстап тұру немесе арттыруға қатысты басымдықтарына байланысты, не болмаса өз шығыстарын басқару бойынша жекелеген өзгерістер орын алуы мүмкін.

ҚДКБҚ өз кезегінде тағы да еске салады: депозиттік өнімдерді таңдау барысында салымшылар сыйақы мөлшерлемесін ғана емес, банктің қаржылық орнықтылығын да ескергендері жөн. Банк салымы шартына қол қоймай тұрып, оның талаптарымен мұқият танысып шығуға, депозитті толықтыру және одан ақшаны мерзімінен бұрын ішінара немесе толықтай алу, келесі мерзімге автоматты түрде ұзартылу мүмкіндіктеріне, ҚДКБҚ кепілдігінің мөлшеріне және салымның басқа да маңызды талаптарына көңіл бөлуге кеңес береміз.

ҚДКБҚ кепілдіктерінің бар екендігінің арқасында депозиттер – жинақ ақшаны сақтау және молайту жолында сенімді және қолжетімді қаржы құралы болып қалуда.

ҚДКБҚ тағы да еске салады, кепілді өтемнің мөлшері салымның түрі мен валютасына тікелей байланысты. Сәйкесінше ол:



теңгелік жинақ салымдар (депозиттер) бойынша – **20 млн теңгеден;**



теңгедегі басқа да салымдар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **10 млн теңгеден;**



шетел валютасындағы шоттар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **5 млн теңгеден** асырылмайды.

Егер салымшының бір банкте әрқалай валютада әртүрлі бірнеше салымы бар болса, сол банк лицензиясынан айырылған жағдайда Қор әрбір салым бойынша белгіленген максималды кепілдік сомасын ескере отырып, салымшыға жиынтық кепілді өтем төлейді. Бірақ оның мөлшері 20 млн теңгеден асырылмайды.